

СИРИЯ ШИЕЛЕНІСІНДЕГІ ИРАН РӨЛІ

Картбаев Акылжан Мирханович

akylzhan.kartbayev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаларық қатынастар факультетінің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Кілт сөздер: Иран, стратегиялық әскери саясат, Сирия шиеленісі, Башар Асад, Хомейни, альянс, ИГИЛ, Хезболла, Ирак,

Аннотация: Иранның ішкі саясатының сыртқы саяси бағытын таңдаудағы рөліне талдау жасалып – Сирия шиеленісіндегі негізгі акторлерге қатысты стратегиясы анықталды.

1, Сирия – Иран альянсы: тарихи шолу

Таяу Шығыстың соңғы қырық жылдық тарихында Иран-Сирия альянсы тұрақты болып келеді. 1979 жылғы ислам революциясынан кейін аймақта үлкен өзгерістер болғанымен, Дамаск пен Тегеран көптеген мәселелер бойынша әртүрлі дәрежедегі ынтымақтастықты жалғастырып, серіктестікті нығайтып, өңірдегі ең мықты альянсқа айнала бастады.

Альянс, халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығына қарамастан, қорғаныс сипатына ие болды. Оған Иран-Ирак соғысы кезіндегі проирақтық коалицияға және Ливандағы 1982 жылғы израильдік шабуылдардан кейін орныққан израиль-американдық коалицияға қарсы тұру қажеттілігі әсер етті.

2003 жылы Америка Құрама Штаттары Ирак жеріне баса көктеп кіруінен кейін – альянстың сыртқы саяси бағыттағы қорғаныс сипаты одан әрі айқындалды. Иран – Ирак альянсы АҚШ-қа толық қолдау көрсете отырып, аймақтағы терроризмге қарсы бар күш-жігерін бағыттады. Осылайша, аймақтағы АҚШ-тың терроризмге қарсы әскери іс-шараларының өспеуіне бірқатар ықпалын тигізе алды. Бұл өз кезегінде – Иран-Ирак альянсын одан берік нығайта түсті. Нәтижесінде, 2005 жылы Сирия премьер-министрі Мұхаммед Наджи аль-Утри Иранмен аймақтық қауіптерге қарсы бірегей майданды құрғанын жариялай отырып – 2006 жылы маусым айында Иран Ислам Республикасымен қорғаныс жөнінде келісімге қол қойды. Келісім альянстың қорғаныс сипатын заңды түрде бекітті деп айқындауға болады.

Сонымен, тарихи шолу нәтижесінде – соңғы 40 жылдықта екі ел қызығушылықтары мен бастамалары тығыз байланысты болғаның көре аламыз. Альянстың берік ынтымақтастығы – екі ел үшін өмірлік маңызға ие болды. Ең бастысы, Тегеран Сирияны 1600 шақырымдық Израиль мен АҚШ-қа қарсы тұрғызылған “төтеп беру дәлізі” ретінде қабылдады.

Алайда, 2011 жылы Сирияда азамат соғысының басталуы – альянс болшағына орасан зор қауіп-қатер туғызып отыр. Сириядағы азамат соғысының нәтижесі – Иран Ислам Республикасының болашағына тікелей әсер ететіні айдан анық. Осылайша, келесі тарауларда Иранның соғыстағы позициясы мен Тегеранның шиеленіске қатысу дәрежесін талдайтын боламын.

СИРИЯДАҒЫ ИРАННЫҢ САЯСИ ҚҰРЫЛЫМЫ: прерогативтер үшін күрес

2.1 Кіріспе

7 жыл өткенімен Сириядағы соғыста Иран Башар Асадтың билігін сақтауда әлі де ең маңызды рөлдердің бірін ойнайды. Бүлікшілерге қарсы коалицияға қосыла отырып – Иран Ресей Федерациясымен бірге сириялық режимді қолдап отыр. Ислам Республикасының Сириядағы қызығушылығы жоғары. Сонымен қатар, Иранның соғысқа қатысуы бүлікшілерге қарсы соғыста Асадқа үлкен әскери күш қамтамасыз етті.

Өзінің ішкі саясатында ауызбіршілікті сақтау мақсатында – Иранның қауіпсіздік стратегиясы әртүрлі қарқындылық дәрежелерінен өтті. Шыңымен де, қауіпсіздік саласында

шешім қабылдау процесі – тікелей шешілмейтін күрделі машина. Ислам Республикасының күрделі жүйесін: “саяси және әскери көшбасшыларының келісілген үдерісі” – деп, сипаттауға болады. Иранның ішкі саясатына әртүрлі субъектілер әсер етеді. Осылайша, Иранның ұлттық қауіпсіздік саясатын құрылымына, әсіресе Сириядағы Иран стратегиясына, ішкі саясат жоғары ықпал ету рөлін ойнайды. Осыған байланысты, осы тараудың мақсаты – Тегеранның сириялық шиеленіске қатысу дәрежесін Ислам Республикасының ішкі саяси призмасы арқылы талқылау болып табылады.

2.2 Иранның Сирия шиеленісі жөніндегі пікірталасы: прерогативтер үшін күрес

2011 жылы наурыз айында араб көктемінің наразылық толқыны Сирияға жетті. Сирияның Дараа қаласындағы бейбіт демонстрациялар Асад күштерінен қатал репрессияға ұшырады. 2012 жылы 6 наурызда Асад режиміне қарсы сурет салған 15 жасөспірімнің қамауға алынуы мен азапталуы – Сирияда көптеген наразылық шараларын тудырды. Бірнеше күн өткен соң, 18 наурызда наразылықты қару қолдана отырып басуы, кемінде 4 адамның қаза табуы – революция басталғанының белгісі болды.

Наразылық толқының Сирияға жетуі Ислам Республикасын қиын жағдайда қалдырды. Осылайша, Иран үлкен диллема алдында қалды. Бір жағынан, Асад режиміне қарсы наразылықты қолдамауынан – Таяу Шығыстағы танымалдылығы мен араб мемлекеттерінің қолдауынан айырылатын болса; екінші жағынан, бірден бір нағыз араб одақтасы болып табылатын Асад режимінің құлатылуы – ең басты стратегиялық активінен айыратын болды.

Осылайша, араб көктемінің басталуымен Иранның қысымға ұшырағандарды қолдау позициясы – Сирия шиеленісінен кейін бүкіл кемшіліктерін көрсетті. Сириялық шиеленіс Иранның көршілес мемлекеттері мен тікелей қызығушылығы бар территорияларда ауыр зардаптар алып келетіндігі айқын болды. Сирия революциясындағы сектанттық белгілердің өсуінен – алавит режимінің болашағы мен билік ауысу мүмкіндігінің салдарына Сирия ықпалында болған Ливан да қызығушылық танытты. Сириялық суннит оппозициясының жеңісі – Ирактағы 2003 жылғы АҚШ басшылығымен жүргізілген әскери араласу салдарынан: әрдайым болып тұратын суннит пен шиит топтарының қарулы кикілжіңдерін ушықтыратын болды. Бұл – өз кезегінде Иранның Ирактағы ықпалын түсіретіні айқын.

Осылайша, Иран аймақтық тепе-теңдікті басқыншылық позициясында орнатпай – сыртқы қауіптер мен оқиғаларға қорғаныс тәсілімен жауап беретіні анық болды. Моргентау теориясы бойынша: “Тепе-теңдік сыртқы күштер әсерінен әлде жүйені құрушы элементтердің ауысуынан бұзылса – жүйе бастапқы тепе-теңдік қалпына келтіреді әлде жаңа жүйені қалыптастырады”. Иран осы болжамға толықтай сәйкес келеді. Шыңымен да, сириялық көтерілістер салдарынан болған күтпеген өзгеріс – Иранды кво-статусын сақтау мақсатында жағдайды қалпына келтіру процесіне қатысуға мәжбүрледі. Сондықтан да, Сирияның Ислам Республикасы үшін маңыздылығынан 2011 жылы сириялық көтерілістер салдарына Иран ішінде түсініспеушілік пен шатасушылық тудырғаны таңқаларлық емес.

2.3 Сирия соғысы: шетелдіктердің ісі

Сирия соғысының басталуымен – Иран саяси элитасы ішінде сириялық кризис жайында әртүрлі пікірталас тудырты. Президент Махмуд Ахмадинежад басшылығымен консервативті билік Хомейни пікірімен келісе отырып, сириялық соғыстың шетелдік характерін мойындады.

Осылайша, реформистік оппозиция бірден сыңға алынды. Себебі “араб көктемінің” басталуымен Иран көпжылдық диктаторлардың құлауын мойындаса, Сирияда баасистік режиммен теңгерілді. Сонымен қатар, Иран билігі Асад режимін қолдайтыны анық болуымен – БАҚ өкілдері режимге қарсы қарсыластарынан: “Иран одақтас емес, Батыспен альянсы бар мемлекеттерде халықты қолдадыма” – деп, сардоникалық түрде сұрақ қоя бастады.

Сонымен, араб мемлекеттеріне арналған Ислам Республикасының “исламдық-революциалық” нарративі бұзылды. 2009 жылы Иран президенттік сайлауынан кейін “Иран үшін Гаазаны да, Ливанды да бермеймін” деген лозунгпен шыққан наразылық топтарын – антиисламдық деп айыптай отырып басса; Сирияда “Құдай, Сирия, Башар” лозунгін қолдана

отырып – осындай тәртіпте баса алмады. Осылайша, қабылданған жүйелік пікірі айып астына түскен Ислам Республикасы – Аятолла Хомейни қолдауымен сириялық көтерілісті “прокси соғысы, шетелдіктер тудырған көтеріліс” ретінде қабылдап, пікірін жүйелі түрде алға тарта бастады.

2011 жылдың соңында “демократиялық билік пен мұсылман құқығын қолдаушы” позициясын бекіту мақсатында Иран Ислам Республикасында маңызды конференция өтті.

Иранның экс-президенті Махмуд Ахмадинежад конференция барысында сириялық соғыстың шетелдік характерін пайымдады: “Біз мұқият болуымыз керек: АҚШ біздің қоғамымызда дінаралық шиеленісті тудыруға тырысып жатыр. Бұл Израильді сақтап қалу мақсатындағы жоспарының бір бөлігі. Бүгін Сирия – ертең біздің ел”

Конференция барысында Хомейни сириялық шиеленіс шииттер мен сунниттер арасындағы соғыс ретінде жалған пайымдалды: “Шың мәнінде сириялық билік – шииттік емес, антиисламдық зайырлы оппозиция – сунниттік емес” – деген жүйелі пікірін алға тартты. Осы соңғы пікірінде Хомейни Иранның реалистік сыртқы саясатын атап көрсетті. Ислам Республикасының Жоғарғы көшбасшысы – шешім қабылдауда реалистік саясаттың көп теорияларына сәйкес келетін реализм дәрежесін жиі көрсетеді.

Башар Асадты қатыгез диктатор ретінде баяндауға тырысқан батыстық кері пропагандалық пікір – Иранмен мойындалмай, шетелдік интервенцияға қарсы күрес ретінде баяндалды. Сонымен, сириялық соғыс ирандық элитамен аймақтық және халықаралық субъектілер қатысуымен пайда болған соғыс ретінде қайта құрылды. Осылайша, консервативтік БАҚ – Иранның саяси элита өкілдерінің консенсусқа келуінде өмірлік маңызды рөл ойнады.

Сонымен қатар, сириялық соғыс – шиеленіске қатысушы Сауд Арабия мен басқа да Парсы шығанағы елдерін “терроризмді қаржыландырушы және экстремистік топтардың пайда болуына жәрдемдесуші ретінде” айыптай отырып, геополитикалық күреске айналды.

2.4 Терроризм мен сунниттік экстремизм нарративі

Башар Асад пен Иранға өздерінің қатал әскери кампаниясын, екіншісіне өзінің Сириядағы әскери қатысуын ақтайтын жалғыз оқиға – ИГИЛ рөлінің өсуі болды. Қанды азамат соғысы қалдырған бейлік вакуумі – сахнада жаңа экстремистік рухпен шабыттанған террорлық ұйымның пайда болуына алып келді. Күтпеген жаңа террорлық толқын Сирияны одан сайын құбылтты. Исламдық мемлекеттің пайда болуы мен оның Иран сыртқы саясатындағы маңызы келесі бөлімде зерттелетін болғанымен; оның Иран нарративіндегі маңызын түсіну үшін – астыда ИГИЛ-дің күшеюіне әсер еткен негізгі оқиғалар баяндалып кететін болады.

Сирия шиеленісіне дейін – Ислам мемлекеті Ирак жерінде өз қызметін атқарды. 2010 жылдың сәуір айында Ислам жауынгерлерінің көшбасшысы болған Абу Бакр Багдадиге – Сирия жерінде өз ықпалын кеңейтуге үлкен мүмкіндік туды. Көтерілістің тез қарқынды дамуы мен қатыгездігінен Багдади 2011 жылдың ортасында – Абу Мохаммед аль-Голани басшылығындағы тоғыз сириялық топқа Сирияның солтүстігінде орнығуға рұқсат берді. Джабхат ан Нусра ретінде танылған топтың лидері ретінде Аль-Голани тез орныға алды.

Иран Ислам Республикасы Сирия туралы бірегей көзқарасты табуға тырыса отырып – АҚШ-ты Таяу Шығысты тұрақсыздандыру және аймақта сунниттер мен шииттер арасында сектандық реакцияны тудыру мақсатында радикалды исламға қолдау көрсетіп жатыр деп айыптады. Мысалы, Иран Кеңес Одағының ықпалын түсіру мақсатындағы – АҚШ-тың ауған талибтерін қолдауын еске түсірді. (interview)

Сонымен қатар, Иран Сауд Арабияның террористер мен такфиристерді қолдауын айыптады. Осылайша, Сирия – Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы созылған шиеленістің жаңа этапына айналды. Бұл Иран мен Сауд Арабия жақтастарының поляризациясы мен шиит-суннит топтарының бөлінуіне алып келді. Нәтижесінде, Иран мен оның сунниттік қарсыластарына сектанттық – өз қызығушылықтарын қорғау құралына айналды.

Алайда, Иранның сыртқы саясаты прагматикалық және реалистік болып қалғанымен, Ислам Республикасының ықпалындағы “Хезболла” тобының шиеленіске қатысуы Сириялық

соғысты – шииттер мен сунниттер арасындағы аймақтық гегемония үшін талас екенін одан сайын дәлелдеді. Сонымен қатар, шииттік киелі жерлерді қорғау іс-әрекеті Иранның Сирия

2.5 Махдизм және Сириядағы шииттік жерлердің қорғанысы

Иран ең ірі шииттік мемлекет ретінде ұлттық және аймақтық қызығушылықтарына қол жеткізуде шииттік картаны кеңінен қолданды. Ислам революциясы кезінде көтеріліс көшбасшысы Аятолла Хомейниде шииттік бейне кеңінен көріне алды. Алайда соңғы жылдары Иран прагматизмі идеологиялық топтармен ауыстырылды. Иран көшбасшылары сыртқы саяси проблемалар туралы пікірінде шииттік ойдың маңызын төмендетеді. Иран басқа мемлекеттермен қарым-қатынасында прагматикалық түрде іс жүргіссе де, мемлекеттік емес ұйымдармен қатынасында – діни характер өте маңызды. Осылайша, шиеленіске тікелей қатыспай діни ұйымдар арқылы өзінің әсері саясатын жүргізеді. Сондықтан-да, Сирия шиеленісіне оппозицияға қарсы шииттік сарбаздарды дайындай отырып қатысуда.

Иран соғыстағы сектанттық позициясын мойындамағанымен де, Сирия шиеленісіне қатысуындағы **себебінде** – шииттік риторикалар кеңінен қолданылады.

Сирияда шыңымен де шиит әлемі үшін қасиетті болып таңылатын 50 шақты орындар бар. Әсіресе, Дамаск қаласына жақын жерде орналасқан Сайид Зейнаб мешіті – шиит әлемі үшін ең қасиетті жерлердің бірі. Оның ішінде Мұхаммед пайғамбардың немересі, шиизмнің негізін қалаушысы, ислам империясының төртінші көшбасшысы Алидің қызы – Зейнаб жерленген.

Сондықтан-да, соғыстың басталуымен Зейнаб мечетін қорғау позициясы ең басты мақсаттардың бірі болды. Себебі Зейнаб мешіті шиит әлеміндегі діни және саяси ықпалын күшейту мақсатындағы – аймақтық координациялық орталық болып табылады. Айта кетерлік, 2003 жылы мешітке 202 000 ирандық турист барған.

Сирия соғысы контекстіндегі Иранның Зейнаб мешітін қорғау мақсатындағы шақыру жолдамасы – шиеленісті сектаға айналдыра отырып, аймақ бойынша шииттік қорғаушыларды тарттырады. Хабар бойынша, көптеген шииттер Сирияға өздерінің қасиетті орындарын қорғауға аттанып ұйымдарына қосылған.

2003 жылдың өзінде, АҚШ Иракқа баса көктеп кіргенде – Иран антиамерикандық толқынды қолдана отырып көптеген ирактық оппозиция топтарымен байланыс орнатып, өзінің ықпалын аймақта көтерген. Осылайша, аймақтық державалардың Ислам Республикасының сектанттық субъектіге айнала бастағандығы туралы қорқыныштарына мән бермей – шииттік мажоритарлық топтарға сүйене отырып ықпал ету аймағын кеңейткен болатын. Ислам революциясының қауіпсіздігі мен шекараларын қорғау мақсатында Иранның діни ұйымдары – әлі де прагматикалық қызығушылықтарына жетудегі басты құралдардың бірі болып табылады. 2003 жылы мыңдаған АҚШ әскерлерінің Ирак және Ауғанстан шекарасында тұруы – Иранға үлкен қауіп төндірді. Жауап ретінде КСИР жасырын түрде ирактық шиит содырларын дайындап, АҚШ күштеріне қарсы шабуыл жасауға қолданды. Ұзақ мерзімді перспективада Иранмен стратегиялық қарым-қатынас орнатылуына сеңетін – шиит топтарымен тығыз байланыс орнату маңызды болып табылады. Сирия шиеленісінде де Иран Ирактағы тактикасын қолданып отырғаны белгілі. Бірақ діни дискурс тек қасиетті орындармен шектелмейді. Сонымен қатар, махдизм эсхатологиясына үлкен көңіл бөлінеді. Маһ Махди шиизмдегі басты тұлға болып табылады. Шиит әлемінің көп бөлігі – Мухаммед пайғамбардың немере інісі мен кұеу баласы: Али ибн Аби Талибпен бастау алған “оң екі имам” сенімін ұстанады. Сенім бойынша оң екінші имам – Мұхаммед әлі де тірі және де ақыр заман алдында қайта оралып, әлемде әділеттілік орнатады. Ахмадинежад сайлау алдыңғы компаниясында – Махдизм саяси көрініс тауып, дін қызметкерлері арасындағы танымалдылығын арттыру мақсатында қолданылды.

КСИР Башар Асад үшін соғыста Иран қолындағы басты қаруы болып табылады. Соғыс барысында КСИР мүшелерінің өлімінің көбеюімен – оларды шахид атады. Осы мақсатта революциялық гвардия тіпті Имам Аль-Заманның келуіне Таяу Шығысты дайындау рөлін алды. Осылайша, Иран пайымдауына КСИР-дің Сириядағы орналасуы – жасырын имамның келуінде басты рөлді ойнайды. Тіпті, Иран қарулы күштеріндегі басты офицер

рөлін айқындау үшін – Кудса тобының генералы Кассем Сулеймани Имам аль-Махди сарбазы белгісімен басылған болатын.

Иранның жоғарыда көрсетілген пікірлеріне сүйене отырып – Асад қарсыластар сириялық шиеленістегі Иранның айқын сектантық пайымы ретінде қабылдады. Дегенмен, идеологиялық сезім – Иранның сыртқы саяси стратегиясының реалистикалық мақсаттарына жетудегі құралы ретінде мінсіз сай келеді.

3.6 Ахмадинежадтан Руханиге дейін: Сирияға қатысты Иран саясатының байланысы

Сириялық соғыстың басталуымен – Иран элитасы Сириядағы орналасуын айқындау үшін бірегей дискурс табуға тырысты. Сегіз жылдан астам билік еткен Ахмадинежадтың радикалы мандаты – 2013 жылы реформистердің кандидаты Хасан Руханидің президенттікке келуімен сириялық көтерілістің бірегей интерпретациясына айтарлықтай қиындық тудырты.

2009 жылғы сайлаудың демократиялық емес нәтижесіне қарсы “Жасылдар қозғалысының” көтерілісін басуда Хомейни шешуші рөл атқарды. Алайда, осыған қарамастан Ахмадинежад үлкен қателік жіберді. Президенттік билігін қолдана отырып – басшылық қызметтерге қарсыластарының орнына өзінің адамдарын тағайндаймын деп ойлады. Осылайша шиит қызметкерлеріне қарсы қыр танытып, Жоғарғы **көшбасшыны** бүкіл билігінен айырамын деп ойлады. Рухани Ислам Республикасының идеясына қарсы шықты. Бұл қадамы – Иранның көпқырлы теологиялық қорғаныс жүйесінің болашағына үлкен қауіп төндірді. Ахмадинежад шешімі – дінсіздікке теңелді.

2011 жылы сириялық көтерілістің басталуымен – Иран ішіндегі бұл келіспеушіліктің одан әрі шатасушылыққа алып келетіні айқын. Иран ішінде Сирияға қатысты әртүрлі ойлар болды. Ахмадинежад негізгі жүйеге бағына отырып – Сириядағы оқиғаларға Батысты кінәлады. Шыңымен де, 2011 жылдың маусымында Жоғарғы көшбасшы: “Аймақтағы исамдық қозғалыстың негізі – антисионизм мен анти-АҚШ” – деп, Сирия көтерілісін сипаттады. Осылайша, Жоғарғы көшбасшымен келіспеушілігіне қарамастан Ахмадинежад – Хомейни жүйесіне бағынуға мәжбүр болды. Бұл Жоғарғы көшбасшының мінсіз билігін білдірді. Ал Ахмадинежад үшін бұл шешім – президенттік қандайда бір іс-әрекет жасау бостандығын сыйлады.

2013 жылғы президенттік сайлауда ирандық қатал жүйенің жақтаушылары Хасан Рухани басшылығындағы реформистер пайдасына тақтан бас тартуға мәжбүр болды. Бірнеше ай бұрын 2012 жылдың қазан айында Иранның Сириядағы қатал саясаты мен Башар Асадтың қатыгез диктатурасына қарсы – Иранның бүкіл аймақтарын наразылық толқыны шарпыды. Иранның экс-президенті – Хатами Ислам Республикасының Сириядағы саясатына қарсы ойын білдіре отырып наразылық толқының қолдады. Осылайша, радикалды биліктің кетуі – Иранның сыртқы саясатында (Әсіресе Сириядағы саясатына) жаңа бет ашылған секілді болды.

Дегенмен, билік басына келген соң – реформистер саясаты түпкілікті өзгертілді. Айта кетерлік, Сирия көтерілісі басталған уақытта реформистер зардап шеккен халықты қолдап, Иран басшылығынан Башар Асадты қолдау саясатын тоқтатуын талап еткен болатын. Алайда, сайлаудан кейін реформистер Жоғарғы көшбасшы мен КСИР ұсынысын қабылдай отырып – Иранның Сирия саясатын қандайда бір сыңға алудан бас тартты. Шыңымен де, реформистер президенті Рухани бірнеше рет Башар Асад пен Сириядағы Иран орналасуын қолдайтындығы жайлы өз пікірін білдірген болатын.

Реформистер саясатының өзгертілуіне көптеген себептер әсер етті. Біріншіден, Хасан Рухани президент болуымен – оппозициялық реформистер партиясы билеуші элитаға айналды. Билеуші элита ретінде реформистер идеологиялық бастамаларынан көрі – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек болды. Сондықтан-да, ұлттық қауіпсіздік саласында – Сирия соғысын үлкен геополитикалық проблема ретінде қарастырды. Реформистер Асад режимінің құлатылуымен Сауд Арабиясының ықпал ету аймағы кеңейтіліп – Иран-Сауд Арабия тепе-теңдігі бұзылатындығын жақсы түсінді. Сонымен қатар, қауіпті ислам мемлекеті ИГИЛ-ге қарсы күресте халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынасын жақсартуға мүмкіндік туды. Осылайша, АҚШ-пен салынған экономикалық

санкциялардан шығу үшін - Рухани ядролық программа мәселесін шешу міндетін өз мойнына алды. Сирия үшін бұл оқиға үлкен мүмкіндік болды. Себебі халықаралық қауымдастық сенім қайтарғаннан кейін – Иран Сирияда іс-әрекет алаңын кеңейтуге бостандық алатын еді.

Реформистер позициясына қатты әсер ететін екінші фактор – Аятолла Хомейни дауысы. Шыңымен де, ешқандай саяси партия Сирияда Хомейнимен белгіленген қызыл сызықты асып елемей кете алмайды. Керісінше, билік Сирия саясатына қарсы шығушыларды қамап, қорқытқан болатын.

Осылайша, шиеленістің басталуымен Иран Сирияға қатысты бірегей саяси дискурсын енгізуге тырысты. Екі президент Сирия мәселесін шешуде 2 түрлі оймен келгенімен – Иранда айтарлықтай өзгеріс орнаған жоқ.

Жоғарғы көшбасшыға келіспеушілігін білдірген – Ахмадинежад еріксіз Хомейнимен белгіленген сызыққа бағынуға мәжбүр болды. Жасылдар революциясынан кейін өзінің саяси және діни қолдауынан айырылған – Руханиға Хомейни сызығына бағынудан басқа амал қалмады. Рухани негізгі мақсаты – ядролық келіссөздерде шешім табу болды. Сондықтан-да, Иран болашағы үшін өте күрделі фазада – президент Аятолламен келіспеушілікке келуден қауіптенді. Иран саясаткерлердің келіспеушілігіне қарамастан Жоғарғы көшбасшының шешімі – бастапқы болып табылады.

2.8 Қорытынды

Иран Ислам Республикасының ішкі және сыртқы саясаты тығыз байланысты. Соғыстың бастапқы кезінде шиеленіске араласуының легитимациясын іздеуіндегі пікірталас – саяси қайраткерлер арасында келіспеушілік туғызды. Шыңымен де, жоғарыда көрсетілген анализ – оппозициондық партиялар мен реформистер Иранның Сирия туралы дискурсын айтарлықтай әлсіретуі мүмкін екенін көрсетті.

Негізгі оппозиция дауысы болған реформистер – билікке келуімен Хомейни саясатына қосылды. Ішкі саясатындағы көптеген келіспеушіліктерге қарамастан Ислам Республикасы жоғарғы дәрежелі прагматизмін көрсетті. Осылайша, Ислам Республикасы Сирия дискурсында көптеген келіспеушіліктерге тап болғанымен – Жоғарғы көшбасшы шешуші рөлді ойнайтынын көріп отырмыз.

Сонымен, бұл бөлім – ең басты шииттік мемлекеттің реалистік көзқарастарын идеологиялық көзқарастарынан биік қойғанын көрсетті. Хомейни антибатыстық риториканы қабылдауға тырысқанымен – мұсылман-сунниттеріне қарсы соғысқа шақырудан мүлдем алшақ болды. Сонымен қатар, ИГИЛ-дің саяси сахнада пайда болуы – Иранның идеологиялық көзқарастарын ысыра отырып, Батыс мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатуға дайын екенін көрсетті. Алайда, Иранның Сирия шиеленісін қасиетті жерлерді қорғау соғысына айналдыру дискурсы – Иранды басқыншылық сектантық актор ретінде қабылдау позициясын күшейтті. Келесі бөлім Иранның осы дискурсы – Сириядағы әскери стратегиясын құруда маңызды құралға айналғанын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Morgenthau, H. J. (1954). *Politics among nations; the struggle for power and peace*. New York, Knopf, 1954
2. Lutz, M (2011, February 04). *Iran's supreme leader calls uprisings an —Islamic Awakening!*. Los Angeles Times. Retrieved from <http://www.latimes.com>
3. “We have never seen such horror”: Crimes against Humanity by Syrian Security Forces, Human Rights Watch (2011)
4. RUSI (2016) *Understanding Iranian Role in the Syrian Conflict*; p.11
5. Chubin, S (2012) *Iran and The Arab Spring: Ascendancy Frustrated*; p.30 Firas Abu Hilal (2011) *Iran and the Arab Revolutions: Positions and Repercussions*